

Д. Ж. Үсенов, ӘЖТАД кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты)

АТУ ҚАРУЛАРЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛАУ САБАҚТАРЫ БАРЫСЫНДА КУРСАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіптік даярлығын қалыптастыруға ұмтылу осы саладағы оқу орындарының бәріне тән. Кәсіптік даярлықты кәсіби-психологиялық қасиеттер компонентінің алатын орны ерекше деп айтуға болады. Осы кәсіби-психологиялық қасиеттердің қалыптастырудың маңыздылығы В.М. Богдановтың, А.А. Волковтың, Г. М. Дворниктің, Ю.В. Дьячковтың, В.А. Кальченконың, Б.П.Карякиннің, В. М. Прохоровичтің, В.А. Ревенконың, А.М. Столяренконың, А.В. Тасованың, Н.А. Токаревтің және т. б. зерттеу еңбектерінде көрсетілген.

Біздің еліміздің ішкі істер органдары жүйесінің педагогтары мен психологтары А.Н. Ералин, Ж.З. Қосыбаев, Н.Ә. Мыңжанов, О.Е. Сапарин, Б.А. Тойлыбаев және т. б. қызметкерлердің кәсіптік даярлығын қалыптастыру мен жетілдіру мәселелерін өз еңбектерінде қарастырған.

Жалпы ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық қасиеттеріне өте жоғары талап қояды. Осыған байланысты осы салада маман даярлау барысы қазіргі заман талабына сай жүзеге асырылуы қажет.

Ішкі істер органдарының кәсіби-психологиялық қасиеттерін қалыптастыру мәселесі ғылымға жаңаша негізделген дайындық әдістерін, педагогика мен психология ғылымдарының соңғы жетістіктерін ұтымды пайдалана білу нәтижесінде шешіледі. Мақала тақырыбын таңдауға төмендегі көрсетілген жағдайлар негіз болды:

– қазіргі кезеңдегі қылмыстылықпен нәтижелі күресу жолындағы кәсіптік даярлықтың маңыздылығы;

– кәсіптік даярлығының жеткіліксіздігі салдарынан кісі өлімі мен жаракат алу сәттерінің өсуі;

– құқық қорғау органдарындағы жедел-іздістіру қызметкерлерінің арнайы кәсіптік даярлығы әдістемелерінің ғылыми-педагогикалық тұрғыда негізделмегендігі.

Ішкі істер органдарының кәсіби-психологиялық қасиеттерін қалыптастырудың бірден-бір жолы болып дайындық барысында қиындықтар мен кедергілерді қолдану. Менің көзқарасымша, кәсіби қасиеттерді қалыптастыру мен жетілдіруде ату қаруларын қолдануға даярлау дайындығы сабақтарының жүргізілу әдістемелерінде келесі жағдайлар қамтамасыз етілген жөн:

– қаруды әрқилы асыну тәсілдерінде (белдікке ілінген, жеңіл қару қабында, қолтық астына ілінген қару қабында) атуға жылдам дайындалу;

– жарыс элементтерін кіргізу (белгілі уақыт ішінде көп ұпай жинау, белгілі уақыт ішінде 3 нысанаға ату, 25 метрлік ату шебіне жүгіріп келіп, белгілі уақыт ішінде 3 нысананың үшеуіне де тигізу);

– дыбыс бойынша ату;

– нысана көрінген кезде ату, мысалға нысана есіктен, нысана терезеден және т. б.;

– бір топ нысаналарды көздеу;

– дене жаттығуларын қолдану (қос кермеде (брусья) 10 рет қолды бүгіп көтерілу, етпеттеп жатып қолдың күшімен жерден 15 рет итерілу, темір кермеде тізені бүкпестен аяқтың ұшын керме белдігіндегі қолға 5 рет тигізу, 1-1,5 килограмм салмақты қолды алға қарай созып 20 секунд ұстап тұру);

– шектеулі уақыт ішінде жылдам атысты қолдану;

– қозғалмалы нысананы көздеп ату (автомобиль, адам);

– тасадан, қалтарыстан және әрқилы жағдайда ату (етпеттеп, жантайып, шалқайып жатып, тізерлеп, отырып, тұрып);

– қозғалып тұрып ату, сонымен бірге, ашық жерде, бөлме және ғимарат ішіндегі немесе бөлме мен ғимаратқа кіру кезінде бірнеше нысананы көздеп ату (нысаналар құқық бұзушылардың және кепілге алынғандардың бейнелері).

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық қасиеттерін қалыптастыруда келесі оқытудың қағидаларын ұсынамын.

Бұлар: оқытудың ғылыми қағидасы — дұрыс ғылыми ұсыныстар мен әдістемелерді өңдеуге, жедел-ізвестіру қызметкерлерінің мақсаттылығын қалыптастыруға, олардың алдағы тәжірибелік қызмет бабында өз білімдерін қолдана алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл қағида ішкі істер орган қызметкерлерінің кәсіптік даярлығын қалыптастыру жолындағы педагогика мен психология ғылым саласының алғы ғылыми жетістіктерін енгізу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Кәсіби-қолданбалы бағыттылық қағидасы. Осы қағидаға байланысты жедел-ізвестіру қызметкерлерінің оқыту процесі жедел-ізвестіру қызметімен бағындырылды және байланыстырылды. Сабақтардың мақсаттары мен міндеттерін қою барысында жедел-ізвестіру қызметінің қолданбалы бағыттылығы ескерілуі қажет. Бұл сабақтың жүргізу шартын жедел-ізвестіру қызметіне неғұрлым жақындатуға мүмкіндік береді.

Оқытудың жүйелілік, дәйектілік және кешендік қағидалары. Жедел-ізвестіру қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етуде ең алдымен оқытудың жүйелілік, дәйектілік және кешендік қағидалары сақталуы қажет. Осы қағидаға байланысты сабақтарды жоспарлауда қолданылатын құралдар мен әдістемелердің бірізділігін сақтау керек.

Жедел-ізвестіру қызметкерлерін кәсіптік қызметке даярлауға бағытталған дайындық қисынды жүйелілігімен мінезделеді: оқу материалдарының әрбір элементі басқаларымен қисынды байланысып отырады, алдағысы өткеніне сүйенеді.

Бұл қисынды жүйелілігінің ең бастысы алған шеберліктері мен дағдыларының бітіру кезеңіне дейін сақталуында. Бірінші бағамда оқытылатын оқудың бастапқы кезеңіндегі оқу материалдары қарапайымдылығы және жеңілділігімен мінезделеді. Кейіннен ауырлана бастайды. Төртінші бағамда кешендікке сүйене отырып блок жүйесінің әр элементтерінің қосындысынан тұратын арнайы курс оқытылады. Оқыту процесі барысында психологиялық қиындықтардың құрамасын қолдану ескеріледі. Сабақтардың оқыту жағдайы неғұрлым нақты шындыққа жақындатылған. Осы арнайы курста курсанттар бастапқы кезеңде алған шеберліктері мен дағдыларын қайталап бекітеді.

Оқытудың қол жетерлік қағидасы. Жедел-ізвестіру қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық қасиеттерін қалыптастыруы оқу барысында кезігетін әркілі қиындықтарды жеңуімен сабақтасады. Осыған орай, оқытудың қол жетерлік қағидасын басшылыққа алған абзал. Жедел-ізвестіру қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық қасиеттерін қалыптастыру қол жетерлікті жеңілдіктің артуы деп емес шамаға шақ қиындық мөлшері деп қарастыру қажет. Оқу жүктемесі курсанттардың ізденіс күштерін оятып, бірқалыпты дәйектілікпен қиындатылады. Қажетті оқу материалдары анық және жеңіл оқытылады. Оқыту барысында қол жетерлік қағидасына сай психологиялық қиындықтар өсіп отыруына байланысты қосылды, бірінші бағамда курсанттар психологиялық қиындықтардың аз мөлшерімен кезігеді. Ал келесі бағамдарда психологиялық қиындықтар өсіп отырады. Төртінші бағамда психологиялық қиындықтары кешендік тұрғысында қолданылады (мысалға дыбыстық және жарықтық кедергілер, кедергілер алқабы, мәйіттердің муляжі және т. б.).

Көрнекі қағидасы. Әрекеттердің дұрыс қабылдануы оқу деректерінің меңгерілу сапасына тәуелді. Оқыту процесінде әрекеттердің түсінікті түсіндірілуі, сонымен бірге, оқытушылардың әрекеттерінің дұрыс орын-далуын өзінің көрсетуімен және оқыту техникалық құралдарының қолданылуы ұсынылған.

Оқытудың сенімділік және беріктілік қағидасы. Жедел-ізвестіру қызметкерлерінің сабақ барысында меңгерген білімдерді, дағдыларды және шеберліктерді сақтай білуі, тәжірибелік қызмет бабының барлық сатысында қолданыла білуі қажет.

Қызметкерлердің тәжірибелік қызметінің сапасы олардың оқыту барысында меңгерген білім және шеберліктерінің берікті және сенімді болуына тәуелді. Осы қағиданы басшылыққа алып, сабақ барысында алдыңғы сабақтарда меңгерген мәліметтерді қайта-

қайта қайталау және сабақты құруда жаңа берілген деректерді белгілі жайтқа бағындыру ұсынылады.